

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 20 шілдедегі № 346 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 10 тамызда № 7836 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2013 жылғы 13 наурыздағы № 72 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 13.03.2013 № 72 бұйрығымен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 29.12.2012 № 584 бұйрығымен

2. «Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын жасау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 31 мамырдағы № 214 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6265 болып тіркелген) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын жасау ережесінде:
60-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«60. Стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламалары жоспарлы кезеңге арналған жылжымалы негізде жыл сайын әзірленеді.

Стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мемлекеттік органның қызметін қамтамасыз етуге бағытталған ағымдағы бюджеттік бағдарлама бойынша тікелей нәтижені ғана көрсетеді.»;

6 1 - т а р м а қ т а :

б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

б) «Бюджеттік бағдарламаның түрі» деген жолында:

«б) «мемлекеттік басқару деңгейіне байланысты» деген жолында мемлекеттік басқару деңгейіне қарай мыналарға;
республикалық бюджеттің құрамында бекітілетін республикалық облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің құрамында

бекітілетін облыстық, республикалық маңызы бар қала, астана;
аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің құрамында бекітілетін
а у д а н д ы қ (қ а л а л ы қ);

республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің, аудан (облыстық
маңызы бар қала) бюджетінің құрамында бекітілетін қаладағы ауданның,
аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық)
округтің бюджеттік бағдарламалары болып бөлінеді;

«мазмұнына байланысты» деген жолында бағдарлама мазмұнына байланысты
б ю д ж е т т і к б а ғ д а р л а м а н ы ң т ү р і ;

мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және олардан
шығатын мемлекеттік қызметтерді көрсету;
трансферттер мен бюджеттік субсидиялар беру;
б ю д ж е т к р е д и т т е р і н б е р у ;
бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру;
күрделі шығыстарды жүзеге асыру;
мемлекеттік міндеттемелерді орындау көрсетіледі;
н ы с а н а л ы с а л ы м с а л у ;

«іске асыру тәсіліне қарай» деген жолында жеке не бөлінетін бюджеттік
б а ғ д а р л а м а л а р к ө р с е т і л е д і ;

«ағымдағы/даму» деген жолы бойынша ағымдағы бюджеттік бағдарлама не
даму б ю д ж е т т і к б а ғ д а р л а м а с ы к ө р с е т і л е д і . » ;

10), 11), 12) және 13) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«10) «Тікелей нәтиже көрсеткіштері» деген жолда бюджеттік бағдарламаның
қойылған мақсатына қол жеткізу үшін бюджеттік бағдарламаны іске асыру
нәтижелерін көрсететін сандық не сапалық көрсеткіштер көрсетіледі;

11) «Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері» деген жолда халықтың өмірінің
деңгейі мен сапасының нысаналы жағдайының (жағдайының өзгеруінің),
элеуметтік саланың, экономиканың, қоғамдық қауіпсіздік пен бюджеттік
бағдарламаны іске асырудың тікелей нәтижелеріне қол жеткізуге негізделген
басқа мемлекеттік басқарудың салаларының (аяларының) көрсеткіштері
келтіріледі. Осы жол мемлекеттік органның қызметін қамтамасыз етуге
бағытталған ағымдағы бюджеттік бағдарлама бойынша толтырылмайды;

12) «Сапа көрсеткіштері» деген жолда бюджеттік бағдарламаны іске асыру
шеңберінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтің оны алушылардың үміттеріне
және мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес келу деңгейін көрсететін
көрсеткіштер көрсетіледі. Осы жол мемлекеттік органның қызметін қамтамасыз
етуге бағытталған ағымдағы бюджеттік бағдарлама бойынша толтырылмайды;

13) «Тиімділік көрсеткіштері» деген жолда бюджет қаражатының бекітілген
көлемін пайдалана отырып, ең үздік тікелей нәтижеге қол жеткізу деңгейін

немесе бюджет қаражатының аз көлемін пайдалана отырып, тікелей нәтижеге қол жеткізуді көрсететін көрсеткіштер келтіріледі. Осы жол мемлекеттік органның қызметін қамтамасыз етуге бағытталған ағымдағы бюджеттік бағдарлама бойынша толтырылмайды;»;

63-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихат аппараттарының бюджеттік бағдарламаларының жобалары тиісті жергілікті бюджет бекітілгеннен кейін пысықталады және ағымдағы қаржы жылының 30 желтоқсанына дейін тиісті мәслихат хатшысы бекітеді.»;

5-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджеттік рәсімдер әдіснамасы департаменті (А.Н.Қалиева) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр *Б. Жәмішев*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң

2012 жылғы 20 шілдедегі № 346

Бұйрығына қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Б і р ы ң ғ а й б ю д ж е т т і к с ы н ы п т а м а с ы н

жасау ережесіне 5-қосымша

нысан

Стратегиялық жоспарды әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің

БЮДЖЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ

бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды және атауы

бюджеттік бағдарламаның коды және атауы

жылдарға арналған

Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі		
Бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы (негіздемесі)		
	мемлекеттік басқару деңгейіне байланысты	

Бюджеттік бағдарламаның түрі	мазмұнына байланысты					
	іске асыру тәсіліне қарай					
	ағымдағы/даму					
Бюджеттік бағдарламаның мақсаты						
Бюджеттік бағдарламаның міндеттері						
Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар				жоспарлы кезеңде іске асыру мерзімі		
1				2	3	4
Бюджеттік бағдарлама көрсеткіштерінің атауы	өлшем бірлігі	есепті жыл	ағымдағы жыл жоспары	жоспарлы кезең		
1	2	3	4	5	6	7
Тікелей нәтиже көрсеткіштері						
Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері*						
Сапа көрсеткіштері *						
Тиімділік көрсеткіштері *						
Бюджеттік қаражатының көлемі	мың. теңге					

* осы жолдары мемлекеттік органның қызметін қамтамасыз етуге бағытталған ағымдағы бюджеттік бағдарлама бойынша толтырылмайды.